

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
2024 ж. "03" 05
ЗАҢДЫ УЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕҮДЕҢ КАЙТА ӨТКІЗІЛДІ
№ 4011-1926-01
АЛҒАШҚЫ 03 074 00015720H
2003 ж. 17 07

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
03 074 00015720H



2024 жылғы «19» 01 № 177
Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
«Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Орал қаласы

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі—мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме 2023 жылғы «25» желтоқсандағы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің №334 қаулысы шешімімен қайта ұйымдастырылды.

3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің тұрган жері: индекс 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, С.Есқалиев көшесі, 72.

2-тaraу. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

8. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тaraу. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастырушылық-мазмұнды, ақпараттық және сараптамалық қамтамасыз

ету арқылы Батыс Қазақстан облысының білім беру жүйесінде бірыңғай ғылыми-әдістемелік кеңістік құру болып табылады.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік, талдамалық және сараптамалық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу болып табылады

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- білім беру жүйесін әдістемелік қолдау;
- оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын табысты енгізу үшін жағдай жасау;
- білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру жобаларын үйлестіру және сүйемелдеу;
- тәжірибелік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, білім беру ұйымдары мен педагогтардың бастамаларын қолдау;
- білім беру, оқу-тәрбие процесінің сапасын талдау және зерттеу, әдістемелік көмек көрсете отырып, әдістемелік десанттарды ұйымдастыру.
- педагогтердің сапалық құрамының мониторингі, білім беру ұйымдарында педагогтердің біліктілігін арттыруға қажеттілігінің болжамы;
- педагогикалық қызметті зерттеу, үздік (озық, инновациялық) педагогикалық тәжірибелерді, педагогтердің әзірлемелерін жинақтау, сараптау, жалпылау және тарату;
- жұмыс тәжірибесін жинауды, талдауды және жүйелеуді қамтамасыз ету, жұмыстың тиімді нысандары және олардың мектепке дейінгі, бастауыш, орта және техникалық білім беру нәтижелері туралы деректер банкін құру;
- педагогтерді мемлекеттік білім беру саясатының негізгі тенденцияларымен, білім беру, оқу-тәрбие үрдісіндегі өзгерістермен таныстыру;
- білім беру ұйымдары мен педагогтерді консалтингтік ақпараттық, технологиялық, психологиялық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымдарын аттестаттауға дайындау үшін әдістемелік сүйемелдеу;
- педагогтерді аттестаттау үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- педагогикалық бірлестіктермен өзара іс-қимыл;
- білім беру саласындағы ынтымақтастық (облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық) шеңберінде жобаларға, бағдарламаларға, оқу конференцияларына, семинарларға және басқа да ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысу, сондай-ақ тәжірибе алмасу бойынша тағылымдамадан өту;
- балалардың ерте дамуы мәселелері бойынша мобиЛЬДІ топтардың жұмысын ұйымдастыру;
- облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық әдістемелік іс-шараларды (семинар-практикумдар, оқыту семинарлары, конференциялар, форумдар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, питч-сессиялар, коучингтер, конкурстар, олимпиадалар және т. б.);

- респубикалық конкурстардың, тақырыптық, ғылыми-әдістемелік семинарлардың, форумдардың, конференциялардың және ғылыми-әдістемелік кеңестердің өнірлік кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу;
- орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында олимпиадалар, конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар және т. б. іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- білім беру ұйымдарының өнірлік және басқа да жоғары оку орындарымен, білім беру орталықтарымен ынтымақтастығын камтамасыз ету.
- орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық акпарат құралдарымен өзара іс-кимыл жасау;
- мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өз жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен, корлармен, орталықтармен және шетелдік жеке тұлғалармен тікелей байланыс орнатуға, білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасуға құқылы.

14. Мемлекеттік мекемеге осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайши жасалған мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

16. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

17. Тиісті саланың уәкілетті органы заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

8) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша респубикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы органның немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен) және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісім бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық әкімі аппараты) коммуналдық мемлекеттік мекемеде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

12) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органы және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісім бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімі аппаратымен) қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімі) тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруна жеке жауапты болады.

20. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қагидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда (ережеде) айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

22. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісім бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеге және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындаиды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (ережемен) және тиісті саланың уәкілетті органы жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тaraу. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

23. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каржы көздері есебінен құрылады.

24. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармагында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсітін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық

маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік занды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, респубикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырады.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты жүзеге асырады.

35. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық

жиналысымен - аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісім бойынша қайта бөледі.

36. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

37. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Немірлекен және тілгөн

бастау

дейін бет

Беттер саны:

8 Герид

